


Слайд: Бүйрек патофизиологиясы

Жоспар:

- 1.Этиологиясы
- 2.Диурездің бұзылыстары
- 3.Бүйрек жетіспеушілігі
- 4.Патологиясы

Бүйрек — Зәр түзе отырып, қаннан шығатын бөлінділердің сүзетін, арқа жотадан тәмен орналасқан, асбұршаққа ұқсас үлкен мүшесі. Оның жоғары полюсінде эндокрин бездері -қыртысты және ми қабатынан тұратын **бүйрек** асты бездері орналасқан. Адам бүйрекінің массасы-150 г. Бүйрек ұлпасы сыртқы қоңырқай түсті қыртысты қабаттан және ішкі бозғылт түсті ми затынан тұрады. Ми затында ұштары бүйрек астауына бағытталған пирамидалар орналасқан. Бүйректің ішіндегі қуыс бүйрек астауы деп



Бүйректе түзілген несеп жинағыш тұтікшелер арқылы астауға келіп, одан зәрағар бойымен қыыққа жиналышп, зәр шығару өзегі арқылы сыртқа шығады. Бүйректің ерекшелігі қанмен жақсы қамтамасыз етілуі: бүйрек арқылы тәулігіне 1500-1700 л қан ағады. Бұл дегеніміз - әрбір 5 минут сайын қатамырлары арқылы айналатын барлық қан бүйрек арқылы өтеді деген сөз. Осы кезде организм ұлпаларында үнемі түзілетін, тіршілік әрекетінің зиянды заттары қаннан бөлінеді.

Адамның еңбекке қабілеттілігі төмендеуіне мүмкіндігіне және өліміне жиі әкелетін дертердің бірі болып бүйрек аурулары есептеледі. Бүйрек организімінің ішкі тұрақтылығының сақтауға бағытталған көптеген қызмет атқарылады.

Бүйрек қызметі бұзылыстарының жалпы этиологиясы.

Реналдық себептер бүйрек тініне тікелей бүліндіруші әсер етеді. Олар инфекциялық және бейинфекциялық ықпалдар болып бөлінеді. Бүйрек пен несеп өту жолдарына вирустар, стрептококктар, туберкулез таяқшалары, гонококктар ж.б. микробтар тікелей бүліндіруші әсер етеді

Бейинфекциялар реналдық себептерге химиялық улы өнімдер, ауыр металдар (қорғасын, сынап , уран ж.б.), дәрі –дәрмектер (антибиотиктер , сульфаниламидтер, зәр шығарғыштар ж.б.)аутоиммундық үрдістер (иммундық кешендер, бүйрекке қарсы аутонтиденелер,жендет лимфоциттер, макофагтар), бүйрек қан тамырларында қан қатпарлары мен эмбол тұрып қалуы, бүйректе өспе өсуі, бүйректің беріштенуі т.т. жатады.

Постереналдық себептерге зәр жүретін жолдарының таспен , қызық асты безінің өспесімен т.т. таралып , бітеліп қалуы жатады.

Бүйрек қызметінің жекіліксіздігі несеп өндірілуі мен оның сыртқа шығарылуының бұзылыстарымен көрінеді. Несіп өндірілуі үш түрлі процестердің қатысуымен болады. Біріншісі, нефрон шумактарында қан қылтамырлары арқылы зәрдің сүзілуі (ультрафильтрациясы), екіншісі, бүйрек өзекшелерінде алғашқы зәрден кейбір бөлшектерінің қанға кері сіңірілуі (реабсорбциясы) және үшіншісі, бүйрек өзекшелерінің эпителий жасушалары арқылы кейбір заттардың соңғы зәрге шығарылуы.

Сол себептен бүйрек қызметінің бұзылысары нейрон шумактарының, нефрон өзекшелерінің қызметтері бұзылыстарымен, жиі олардың біріккен бұзылыстарымен байқалады.

Диурездің бұзылыштары.

Несіптің сыртқы шығарылуы диурез делінеді .

Тәулігіне ересек адам 1500мл-дей, 1 жастағы бала 500 мл. 8 жастағы бала 1 л. зәр шығарады. Оны тәуліктік диурез деп атайды. Тәуліктік диурездің өзгерістері:

полиурия (несіп шығарылуының 2-1 литрге дейін азауы),

олигурия(зәр шығарушыларының 500-600мл-ге дейін азауы),

анурия(несіп шығарылуының болуы немесе 50-100мл-ге дейін тым қатты азауы),

поллакиурия (грек. pollakis- жиі, несіптің жиі шығарылуы),

олакизурия (грек ollakis-сирек , несіптің сирек шығарылуы),

никтурия (грек.nystos-тұн , несіптің тұнде көп шығарылуы)деп ажыратылады.

**Бүйректің қызметінің толық немесе жартылай тоқтау
бүйрек жетіспеушілігі** деп аталады.

Себептері:

Бүйректің қызметінің жүйкелік және эндокриндік реттелуінің бұзылыстары.

Бүйректің қан айналымының бұзылыстары.

Бүйректің инфекциялық аурулары.

Бүйректің аутоаллергиялық зақымдануы.

Несептің бөлінуінің бұзылыстары (бүйрек тасының пайда болуы, несеп түтікшесінің қысылуы).

Ауыр өтетін инфекциялық аурулар және интоксикациялардың бүйректі зақымдауы.

Бүйректің іштен туылған ақаулары (гипоплазия, поликистоз).

Түтікшелердің ферменттік жүйесінің тұқым қуалаушылық ақаулары (Фанкони синдромы).

Тұтікшелер реабсорбциясының бұзылыштары.

Глюкоза реабсорбциясының бұзылыштары. Қалыпты жағдайда глюкоза проксимальды тұтікшелерде толық қанға сінеді. Шумақты фильтраттағы және қандағы глюкоза мөлшері көп болғанда глюкоза несеп арқылы бөлініп, глюкозурия дамиды (диабет, алиментарлы гипергликемия).

Ақуыздың реабсорбциясының бұзылыштары – протеинурия бүйректің қанайналымы жетіспеушілігінде (гипертоникалық ауру), проксимальды тұтікшелердің жетекші зақымдануында, ферменттер жетіспеушілігінде, бүйрек лимфаайналымы бұзылғанда дамиды.

Аминқышқылдарының реабсорбциясының бұзылыстары – аминоацидурия түтікше аппаратының зақымдануында, ақуыз ыдырауының жоғарлауында, көлемді қүйіктерде дамиды.

На реабсорбциясының бұзылыстары – альдостерон жетіспеушілігінде дамиды. Хлор, бикарбонаттар және судың реабсорбциясы қатар жүреді. Осмотикалық гемостаздың, қышқылдың сілтілік тұрақтылығы мен су балансының бұзылуымен айқындалады.

Су реабсорбциясының бұзылыстары түтікше сүйіктілігінде суды тартатын осмотикалық белсененді заттар бар болғанда дамиды. Сонымен қатар су алмасуы АДТ реттеледі.

Диурез және несеп құрамының бұзылыштары.

Полиурия – зәр мөлшерінің қалыпты жағдайдан көп болуы. АДТ мөлшері азайғанда, қант диабетінде, қалқанша безінің гиперфункциясында байқалады.

Олугия, анурия – несептің азаюы, тоқтауы АДТ көбейгенде, қалқанша безі гипофункциясында рефлекторлы болуы мүмкін.

Гиперстенурия несептің тығыздығының жоғарлауы (қ.ж. 1,010-1,028). Жедел диффузды гломерулонефриттерде.

Гипостенурия несептің тығыздығының төмендеуі түтікше аппараты зақымдануында дамиды (созылмалыгломерулонефрит).

Изостенурия тығыздықтың тәулік бойы тұрақты төмен болуы түтікше эпителийлерінің деструкциясы кезінде дамиды (бүйрек қызметінің ауыр түрде жетіспеушілігі).

Бүйрек ауруларындағы несепте пайда болатын патологиялық заттар.

Гематурия - әр несепте п.б. (гломерулонефрит, құық ісігі, тасы).

Протеинурия – ақуыздың несеппен бөлінуі (шумақтардың ақуызға өткізгіштігінің артуы).

Лейкоцитурия – несепте п.б. пиелонефритте. Пиурия – несеппен ірің бөліну.

Цилиндрология – тұтікшөлдердің дистрофиясы қабыну процесінде.

Тұздар тунбасы – уратар, оксалаттар, фосфаттар бүйрек тасы ауруында.

Глюкоза- қантты диабетте пайда болады.